

АЙДАРБЕК БАБАҒА АС БЕРІЛЕДІ



Қазақ хандығының 550 жылдығына орай XVI-XVII ғасырларда Арал, Қазалы өңірлерінде өмір кешіп, Жоңғар, Қокан, Хиуа басқыншыларына қарсы ұлт-азаттығы жолында күрескен Ақ сауытты Айдарбек батырды ұлықтау мақсатында баба ұрпақтарының бастамасымен, «Айдарбек - баба» қоғамдық қорының қолдауымен 2014 жылы Қазалы ауданындағы жерленген қабірінің басына зәулім кесене тұрғызылған еді. Ал биыл Арал қаласына кіреберіс жолда жас ұрпақтың бойына отаншылдық, елдік рухты сіңіретін, тағзым ететін батыр бабаның еңселі ескерткіші орнатылды. Енді алдағы 23-26 қыркүйек күндері аталған ескерткіштің ашылуы мен баба рухына ас беру рәсімі өтеді. Бұл туралы аудан әкімінің баспасөз қызметінен хабарлады.

Сонымен, шаралар елге белгілі әншілер, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі Ғанипа Садықова, термеші Аманқос Садықов, Төреғали Төреәлі және басқалардың қатысуымен орталық алаңда гала-концерт басталады.

25 қыркүйек, сағат 16.00-де аудандық мәдениет үйінде «Жыр арқауы - Айдарбек батыр» атты облыстық жас ақындар мүшайрасы ұйымдастырылады. 26 қыркүйек, сағат 10.00-де Айдарбек баба ескерткішінің ашылу салтанаты өтеді. Мұнан соң «Сайқұдық» ипподромында баба рухына бағышталып ас беріледі.

Мерекелік шара барысында аламан, құнан бәйге болады. Бас бәйгеге жеңіл автокөлік және ақшалай-заттай сыйлықтар тігіледі.

АТЫҢ ШЫҚПАСА, ЖЕР ӨРТЕ

«Жүре берсең, көре бересің» деген. Қазір танымал болам десең бір-ақ сәт. Біреу жақсы жағынан, біреу жаман жағынан танылып жатады. Сөйтіп танылғандардың бірі – түркістандық Нұрәлі. Елдің емес, өзінің айтуынша «пайғамбар» екен. Көршілері мен ағайындары бойынша «ерекше қасиет» байқап қалып, жария етіп жатса таңқалмас та едік. Бұныкі құр аттандау. Ең бірінші ол өзін биліктен мойындауды талап етіп отыр. Екіншіден, ақшаға құмартатыны да байқалды. Тіпті «пайғамбарымыз» арасында ащы судан да дәм татып тұратынын жасырмады.

Қазақ үшін Түркістанның рухани қала екені, қасиетті қала екені белгілі. Өзін осы қасиетті қала секілді қасиетті санады ма, әйтеуір өзгелерге «Алланың елшісі Нұрәлі Пайғамбармын» деуін доғарар емес. Әлгінде айтқандай, ол өзін биліктің мойындағанын қалайды. Пайғамбар болса, билікке мойында деп жалбарыну не керек, мойындатсын. Оның айтуынша, Мұхаммед (с.а.с) соңғы пайғамбар емес. Соңғы пайғамбар – өзі. Астапыралла!!!

Жұрттың жағасын ұстататын ерсі қылықтармен ерекшеленген өтірікшілер елдің есін шығарып жүр. Алдыңғы жылы Нұрәлі Алматыға барып, бірқатар газеттің редакциясын аралап шыққан деседі. Жүрген жерінде өзінің пайғамбар екенін мәлімдеумен болған. Журналистерге берген сұхбатында «соңыма еретін са-

хаба мен пайғамбарлар отыратын ғимарат салуға ақша іздеп жүрмін» деген көрінеді. Мұны қалай түсінер едіңіз? Айтқандай, оған сенім білдірмесең де бітгін. Ол өзінің ерекше қасиетін мойындамағандарға жазасын да дайындап қойған. Айтуынша, өзіне тіл тигізіп қасарысқандардың бір күнәсін жуып-шаюы қазақтың екі миллион теңгесіне дейін барады екен. Оның бұл сөзінен ақшаға ашықтан-ашық құмартуын байқауға болады.

Сонымен қатар, түркістандық «пайғамбар» ара-тұра ащы сумен серік болатынын да жасырмайды. Тағы бір ерекшелігі – намазды бес уақыт емес, алты уақыт оқитынын айтқан. Өзі әнші, өзі биші екен.

Нұрәлі «пайғамбар» туралы Қазақстанның Мұсылмандар діни басқармасы тиісті түсіндірмесін беріп өтті. Мүфтияттың қызметкерлері «Ахзаб» сүресіндегі «Мұхаммед (с.а.с.) сендерден ешбір еркектің әкесі емес. Бірақ, Алланың Елшісі және пайғамбарлардың соңғысы. Алла әр нәрсені толық білуші» деген аятты келтірді.

Нұрәлі өзіне келушілер болса, қасиетті Құран кәрімді қазақ тілінде оқытуды үйретемін деп отыр. Әзірге оның сөзіне сенетіндерден гөрі, күмәнмен қарайтындар қатары басым. Қазақта «атың шықпаса жер өрте» деген бар. Десе де, пайғамбар атын жамылып елді алдаудың керегі не?!

Рыскелді СӨРСЕНҰЛЫ.

Арал теңізінің орнында қалың орман пайда болады, - деп хабарлайды National Geographic. Басылымның мәлеметінше, Өзбекстан үкіметі Арал теңізі апатының салдарын жою үшін алдағы үш жылда 4,3 миллиард доллар бөлуді жоспарлап отыр. Мұның 300 миллион доллары жергілікті халықты жұмыспен қамтуға жұмсалса, 400 миллион доллар денсаулық саласына арналған бағдарламаларға бөлінеді. Ал қаражаттың негізгі бөлігі, яғни 1,5 миллиард доллар биоалуантүрлілікті қайта қалпына келтіруге жұмсалады.

Өзбекстанның Қоршаған ортаны қорғау комитеті аумақты көгалдандыруға арналған жоба дайындады. Жоспар бойынша, Арал теңізінің орнына 2030 жылға дейін 1 миллион гектар ағаш отырғызылады. Жылына 40-50 мың гектар аумақ жасыл алаңға айналады. Gismeteo хабарлауынша, жоба осы аумақта тұратын

СОР ОРНЫНА - ОРМАН



халықты зиянды тұздардың әсерінен қорғау мақсатында ұйымдастырылып отыр.

Арал теңізі - Қазақстан мен Өзбекстанның шекарасында орналасқан тұзды көл.

Көлемі жағынан әлемде төртінші орындағы теңіз өзен арналарының тартылуы салдарынан құрғап кетті. Қазір теңіздің орнында кішігірім көл ғана қалды.

БҮГІНГІ САНДА:

2-бетте

МҰСЫЛМАН ҚАУЫМЫ
ЭКСТРЕМИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕСУ КЕРЕК

«АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУ-
ДА АУҚЫМДА ІСТЕР ЖЕТЕРЛІК»

5-бетте

«КЕЛІНДІ» КӨРСЕТУ – ЕЛДІ
АҚЫМАҚ ҚЫЛУ»

3-бетте

МҰСЫЛМАН ҚАУЫМЫ ЭКСТРЕМИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕСУ КЕРЕК

Бүгінде Таяу Шығыс елдерінде жазықсыз елді қырып, жаппай қан төгіп жатқан «ИШИМ», не болмаса өз-өздерін «Ислам мемлекеті» деп атап жүрген атышулы лаңкестік топ пен осы топқа еліктеген басқа да экстремистік ұйымдардың тоталитарлық идеологиясына мұсылман ретінде қарсылық көрсетудің уақыты жетті. Ислам атын жамылып жасалған террорлық әрекеттер мұсылмандардың беделдерін түсіріп, қоғамнан шеттетіп отырғаны және Ислам дініне қарсы кереғар пікірлер туғызып, бүкіл мұсылмандарды жаралап жатқаны жасырын емес.

Өлгіндей зорлық-зомбылыққа жүгінген радикалды топтардың қолдан жасаған зұлымдықтың салдарынан Ислам дініне күйе жағып, кінә тағу әділдіктің аясына тар келеді. Алайда атышулы лаңкестер мұсылман атын жамылып әрекет жасағандықтан, күллі мұсылман қауымы бұл қауіптілікті жоққа шығара алмайды. Сондықтан лаңкестіктің қатерлі ісік тәрізді қоғамның ішінде жайылып кетпес үшін алдын алу жолдарын қолдан келгенше қарастыру керек. Егер де лаңкестікке қарсы төтеп бере алмасақ дінімізге жағылған күйеден ішінара жауапты боларымыз сөзсіз.

Алдымен зорлық пен зомбылықты айыптап, виктимизациялық психологияның тұзағынан сақтануымыз керек. Зұлымдыққа дұшар болып, оның зардабын тартқандар лаңкестікті айыптай алады, оған ешкімнің қарсылығы жоқ. Бірақ соның салдарынан лаңкестік әрекет жасай алмайды. Террористердің дін жамылып, ауыр күнәні мойындарына алып жатқаны тек менің ғана ойым емес. Қасиетті Құран Кәрім мен Хазірет Мұхаммед Пайғамбардың (с.ғ.с) сүннеті сынды негізгі дереккөздер терең әрі сауатты түрде зерделенсе, бұның ақиқат екендігіне көз жеткізу қиын емес. Хадис, сира және тәпсір арқылы Құрандағы иләһи хат-хабарды ұғынып-түсінуге бар ғұмырын арнаған саңлақ сахабалардың, ғұлама

мен ойшылдардың біздерге жеткізген Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) өнегелі өмірі мен Құранның асыл қазынасы лаңкестердің дін жамылып келтірген әртүрлі деректерді жоққа шығарады.

Екінші мәселе, Ислам дініне деген көзқарас тұтас әрі бірыңғай болып қалыптасуы керек. Өйткені кейбір дін өкілдерінің мәдени ерекшеліктеріне байланысты танытып отырған келісім мен толеранттылық ұстанымдары кейде діннің негізгі құндылықтарына қарсы пікір туғызуы мүмкін. Ал шынтуайтына келгенде, Исламның негізгі құндылықтары адамдардың талқысына салынбаған, аят пен хадистегі үкімдер арқылы белгіленген. Осы тұста, Құрандағы бір кісінің нақақтан-нақақ құрбан болуы бүкіл адамзатты өлтіруімен бірдей деп санаған аятты мысал ретінде келтіруге болады. (Құран, 5:32). Сонымен қатар, Пайғамбарымыз (с.ғ.с) қорғану мақсатындағы қандай да бір соғыстың өзінде соғысқа қатыспайтын адамдарға, әсіресе, қатын-қалаш, балашаға және дін адамдарына титтей де болсын зиян келтіруге тайға таңба басқандай етіп айтып, тыйым салған.

Біздер, мұсылман ретінде әлемнің түкпір-түкпірінде бейбітшілік іздеген, бейбіт өмірге ұмтылған адамдармен ынтымақтасып, аталмыш құндылықтарды іс-әрекетіміз арқылы көрсетуіміз керек. Адам психологиясы мен ақпараттық құралдарының бүгінгі динамикасын есепке алғанда, айтылуға тиіс өміршен әрі байыпты мәселелердің орнына радикалды көзқарастар мен шулы тақырыптар мұқаба беттерінде орын алып жататыны белгілі. Бірақ біздер бұқаралық ақпарат құралдарына кінә тағудың орнына өз ой-пікірімізді жеткізе алатын жаңа жолдар іздеуіміз керек.

Үшіншіден, мұсылман баласы адам өмірі, ар-абырой және азаттық пен еркіндік секілді құндылықтарын жан-тәнімен қорғай білу керек. Әсілі, бұл құндылықтар –

Исламның негізгі құндылықтары деп есептеледі және көш бастаған бірде-бір адам, мейлі ол дін өкілі болсын, мейлі саяси өкіл болсын, ешкімнің елдің еншісінен алуға қақысы жоқ. Дініміздің рухына деген адалдық сезімі мәдени, саяси, діни және әлеуметтік әртүрлілікке де асқан құрметті қажет етеді. Алла тағала қасиетті Құранда адамдардың бір-бірімен танысып-тануды ерекше жаратылыстың хикметі ретінде көрсетеді (49:13) және барлық адамдарды көркем етіп жаратқанын айтады (17:70).

Төртіншіден, мұсылмандар тәлім-тәрбиеге негізделген білім әрі көркем өнермен қатар жаратылыстың әрбір мүшесін құрметтейтін ғылым жүйесінің мүмкіндіктерін қоғамда орын алған әр адамға таныту керек. Мұсылман қоғамдастықтардың басқарушы мемлекеттері демократиялық құндылықтарды мектеп бағдарламасына енгізу керек. Өйткені азаматтық қоғамдар өзара түсіністік пен келісімді нығайту мақсатында өте маңызды рөл атқарады. «Қызмет» қауымдастығы деп аталатын ерікті азаматтық қауымдастықтың өкілдері осы мақсатта 150-ден астам елде білім ошақтары мен диалог орталықтарын ашқан болатын.

Бесіншіден, мұсылман қауымдастықтарға «қаймағы бұзылмаған» діни білім беруге мүмкіндік берілетін болса, радикалды топтардың экстремистік идеологияларын жаюына бөгет бола алады. Егер де бірқатар мұсылман елдерде орын алғандай, дін бостандығы шектелген болса, дін және діни құндылықтар көленкеде қалып, экстремистік топтардың пайымымен, түсінігімен насихатталады да солардың ажырамас құралына айналады.

Соңында айтарым, мұсылмандар әйел мен ер арасындағы құқықтың тең болуын қорғаштап жүру керек. Әйел баласына қоғамда қалаған қызметті атқаруына мүмкіндік беріп, ер мен әйел арасындағы құқықтың теңділігіне қарсы жұмыс істейтін

қоғамдық қысымдардан сақтандыру керек. Бұл орайда Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) асыл жары Айша анамызды мысалы ретінде көрсетуге болады. Айша анамыз ғұлама еді, әрі ұстаз әрі қоғам қайраткері болды.


Терроризм өте күрделі мәселе болғандықтан, онымен күресетін тетіктер де саяси, экономикалық, әлеуметтік және діни тұрғыдан болуы тиіс. Бұл күрделі мәселеге тек қана дінмен шектеп қарайтындар лаңкестердің торына түсуге қауіп бар жастар мен бүкіл адамзаттың обалына қалады. Халықаралық қауымдастық терроризмнің бірінші дәрежедегі құрбандарының шын мәнісінде әрі символикалық түрде мұсылмандар екендігін және мұсылмандардың лаңкестерді шектете отырып, террорлық ұйымға жастарды тарту әрекеттеріне кедергі келтіре алатындығын түсіну керек. Сондықтан қай мемлекет болсын мұсылман отандастарының көңілдеріне қаяу түсіретін сөз бен әртүрлі әрекеттерден сақтанғаны жөн.

Зорлық пен зомбылыққа жүгінген экстремизмнің, терроризмнің діні жоқ. Әр дәуірде дін жамылып қиянат көрсеткендер болған және бола береді де. Алайда қалайша христиан өкілдерінің көбісі Құранның жағылуына қарсылық білдірген болса, не Қу-Клукс-Кланнның әрекеттеріне қолдау көрсетпеген болса және қалайша будистер Рохинджа мұсылмандарына қарсы жасалған зұлымдықты құптамаған болса, мұсылмандардың көбісі зорлық пен зомбылықты қолдамайды.

Мұсылмандардың тарихта өркениет пен мәдениеттің дамуына орасан зор үлес қосқаны мәлім. Біздің әлемдік өркениетке қосқан үлесіміз өзара түсіністік, еркіндік пен әділет принциптері бойынша өмір сүргенімізде ғана ықпалды болды. Ислам дініне күйе жағылған имиджін қайта қалпына келтіру қиын шығар, бірақ мұсылманның мекендеген жерінде бейбітшілік пен тыныштықтың белгілері болары хақ.

**Фетхуллах ГҮЛЕН,
дінтанушы-ғалым**

«АЛАШ ЖОЛЫ» КІТАБЫ ЖАРЫҚҚА ШЫҚТЫ



ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы аясында жазушы Бейбіт Қойшыбаевтың қазақ азаттық қозғалысы тарихынан сыр шертетін «Алаш жолы» атты кітабы жарық көрді (Қойшыбаев Б. Алаш жолы. Рисәлә. – Алматы: «Қаратау КБ»; «Дәстүр» баспасы, 2015. – 400 б.). Кітапта Ресей империясының отарына айналған қазақ елінде бостандық үшін жаңа тұрпатты күреске бет бұрған XX ғасырдың басындағы кезең суреттеледі.

Автор бүгіндері Алаш қозғалысы деп аталатын құбылыстың бастауында тұрған

аға ұрпақтың іс-әрекеттерін көркем зерттеудің нысанасы етіп алған екен. Халқымыздың саяси тұрғыда оянуын, қаз тұрып, мақсатын айқындауын мүмкін еткен азаттық жолындағы қозғалысы өткен жүзжылдық табалдырығынан аттай бере туған да, «халықтар түрмесін» қаусатуды көздеген жалпыимпериялық революциялық қозғалыстың қуатты толқынына толқын болып қосылған. Жазушы сонау күрделі кезеңдегі ұлы өзгерістер макрокосмын он бөлімнен тұратын өз әдеби тәжірибесінің микрокосмында бейнелеп, империядағы жалпыреволюциялық қозғалыспен астаса өрістеген

Алаш қозғалысы сынды ерен де ерек құбылысты бүгінгі дербестігіміздің, мемлекеттік тәуелсіздігіміздің іргетасы, мемлекетіміздің мың жылдық ғұмырын қамтамасыз ету жолындағы күрестің құрметамыры ретінде танытуға тырысқан.

Алаш саяси ойы әлемін көрсететін рисәләнің «Аңсау» атты алғашқы бөлігі ұлттық қозғалыс өмірге келген шақтағы отарлық ахуал мен саяси-әлеуметтік тыныс-тіршілік кейпін суреттеп, патша үкіметіне халықтың мұң-мұқтажыдықты туралы жазылған тілекхат жайын әңгімелейді. «Тамырда» жалпыресейлік мұсылман қозғалысының күшеюі, қазақ қайраткерлерінің қатысуымен ашық әрекетке шығуы сөз болады. Жаңа өркениетке сай демократиялық өзгерістер жасау үшін күресу барысында

қазақ жерінде еліміздің болашақ қоғамдық-саяси келбетінің алғашқы нобайлары қалай туғаны «Айбат» бөлімінде көрсетіледі. Рисәләнің аталған бөлімдерінен оқырмандар Әлихан Бөкейханов, Бакытжан Қаратаев, Серәлі Лапин, Жақып Ақбаев, Исмаил Гаспринский, Әлимардан Топчибаев, Әбдірәшит Ибрагимов, Шаһмардан Қосшығұлов сынды бірқатар тарихи тұлғалардың бейнелерімен, олардың азаттық қозғалысының бастапқы жылдарындағы қызметімен танысады.

«Алаш жолы» рисәләсі Қазақ хандығының 550 жылдығы мен Алаш қозғалысының 100 жылдығына орай ұлт-азаттық қозғалыс тарихына қызығушылық танытатын барша оқырманға, жастарға пайдалы тарихи мағлұматтар береді.



Сыр өңірі ауылшаруашылық дақылдарын өсіруде республикамызда алдыңғы қатарда келеді. Мұны барша мамандардың бірлесе жасаған жұмыстарының нәтижесі деп білеміз. Техниканың, технологияның дамыған заманы болғандықтан, қазір құр кетпенмен жұмыс жасау дегеніміз мүмкін емес. Оның үстіне егіс алқаптары түрлі зиянкестерге толы. Осындай қиыншылықтарды еңсеруге, өңір ауылшаруашылығының дамуына ерекше үлесін қосып жүрген мекемелер баршылық. Осы орайда біз, «Микробиология және вирусология институты» РМК «Қолданбалы микробиология» филиалының директоры, биология ғылымдарының кандидаты Ерік Шораевпен сұхбат құрған болатынбыз. Әңгіме барысында, облыстағы ауылшаруашылық саласындағы атқарылып жатқан көптеген жұмыстарға көз жеткізгендей болдық.

Ерік ШОРАЕВ:

«Микробиология және вирусология институты» РМК «Қолданбалы микробиология» филиалының директоры, биология ғылымдарының кандидаты



«АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУДА АУҚЫМДА ІСТЕР ЖЕТЕРЛІК»

- Ерік Жарылқасынұлы, сұхбатымызды ең алғаш институттың қысқаша тарихынан бастасак...

- «Қолданбалы микробиология» филиалы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ғылым комитеті «Микробиология және вирусология институты» РМК құрамына кіреді. 2011 жылдың 22 желтоқсанында «Микробиология және вирусология» институтының бас директоры, академик А.Садановтың бұйрығымен құрылған. Институтта көптеген білімді мамандармен қоса, білікті ғалымдар жұмыс жасайды.

- Жалпы, институттың құрылғандағы басты мақсаты қандай болды?

- Қызылорда өңірінде республикалық жобалармен қатар, институт дайындаған биологиялық тыңайтқыштарды, препараттарды қолданысқа енгізу мақсатында құрылған болатын. Сонымен қатар, осы өңірдегі жастарды биотехнолог, микробиолог, эколог секілді жас мамандарды дайындау, жұмыс жасату болып табылады. «Қолданбалы микробиология» филиалының қызметі микробиология саласында іргелі және қолданбалы инновациялық зерттеулер жүргізу, Қазақстанда қазіргі заманғы микробиологияның жаға бағыттарында дамыту, ғылыми зерттеулер базасында анықталған жаңа тиімді әзірлемелерді енгізуді ғылыми-техникалық қамтамасыз ету, әлеуметтік-экономикалық маңызы бар әлемдік ғылымның жетістіктерін зерделеу және жиынтықтау және осы жетістіктерді Қазақстан Республикасында пайдалану болып табылады. Сонымен қатар, микробиология, биотехнология және экология саласында, медицина, ауыл шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау мен тамақ өнеркәсібі үшін жаңа микробтық препараттарды алудың биотехнологияларын жасаудың ғылыми негіздеріне іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу біздің басты мақсатымыз.

- Институт ғалымдары жасап шығарған «Фитобацирин» және «Ризовит-АКС» биотыңайтқыштарының ауылшаруашылығына қосқан үлесі қандай?

- Қазіргі таңда шешімін таппаған күрделі мәселелердің бірі – суармалы жерлердің сортаңдануы мен қарашірік мөлшерінің төмендеуі. Соның нәтижесінде, топырақ құнарлығы нашарлап, ауылшаруашылық екеп дақылдарының өнімдері күрт төмендеуі үстінде. Топырақ құнарлылығын қайта қалпына келтірудің бірінші жолы – ауыспалы егістіктерге малазықтық бұршақ тұқымдас дақылдарды енгізу. Осы іс-шаралардың нәтижесінде топырақтың биологиялық құрамы жақсарайды, енгізген тыңайтқыштардың тиімділігі артады.

Мал азығы қорын қалыптастыруда түйежоңышқа мен жоңышқа дақылдарының атқарар маңызы өте зор. Дегенмен назар аударатын мәселенің бірі, қазіргі уақытта түйежоңышқа

мен жоңышқа өнімінің төменділігінде болып отыр. Бұл кемшілік негізінен дәnnің өсінуіне кедергі келтіретін сыртқы қабығының қатты болуына байланысты тұқымдық дәnnің шығымдылығының нашарлығында. Түйежоңышқа мен жоңышқа егілген алқаптың көп жағдайда себілген дәnnің 50-60 пайызы өнбей қалады. Осы орайда филиал ғылыми қызметкерлері Қызылорда облысында жоңышқа және түйежоңышқа дақылдарының өнімділігін отандық биотыңайтқыштар көмегімен арттыру жұмыстарын жүргізуде. Ол тыңайтқыштар «Фитобацирин» және «Ризовит АКС» деп аталады.

«Фитобацирин» биотыңайтқышымен өңдеу дәnnің өнуіне кедергі келтіретін сыртқы қалың қатты қабығындағы целлюлозаның ыдырауына әсер етеді. Тұқымды биотыңайтқышпен себер алдында өңделгенде, өнгістік үрдісін алмастыратын целлюлозалық тығыз қабатының жарылып тұқымның тез өсуіне мүмкіндік береді және тұқым эндоспермасына судың, еріген минералды және коректік заттардың жылжуы күшейеді. Биотыңайтқыш дақылдың одан әрі өсуі мен дамуына, сонымен қатар жасыл массасының жинақталуына да кешенді әсер етеді. Өндірісте тұқымның шығымдылығын арттыру үшін механикалық алмастырғыш жасайды. Алайда бұл әдіс түйежоңышқа және жоңышқа дақылдарының тұқымна едәуір зиянын тигізеді. Яғни, тұқымдық дәnnің сыртқы қабығын аршу кезінде тұқымдық дәnnің ішкі өсіп-өнетін физиологиялық үрдістеріне кері әсерін тигізеді. Сонымен қатар бұл әдіс, қосымша электр қуатымен материалдық шығындарды талап етеді, сондықтан қымбатқа түседі. Осыған орай, тұқымдық дәnnің өсіп шығуын биологиялық жолмен алмастыра алатын «Фитобацирин» биотыңайтқышы механикалық скарификациялау әдісін толығымен алмастырды. «Фитобацирин» биотыңайтқышымен дәnnі өңдеп болған соң, түйежоңышқа мен жоңышқа дақылдарының дәндерінің шығымдылығымен қатар олардан алынатын өнімдерін арттыру және азотқа деген қажеттілігін өтеу мақсатында «Ризовит-АКС» биотыңайтқышымен өңдеу қажет. Яғни, бұл биотыңайтқыш аталған өсімдіктердің азотқа деген қажеттілігін арттырып қана қоймайды, сонымен қатар келесі егілетін ауылшаруашылық дақылдарының азотқа деген қажеттілігін де толығымен қанағаттандырады. Айта кететін жайт, осы біздің препараттарды сатып алумен өңірде біршама шаруашылықтардың тасы өрге домалап келеді деуге толық негіз бар. Мысалыға айтатын болсақ, Жалағаш ауданында осы препараттармен жабдықталған шаруашылықтар саны осы таңда 15-ке жетіп отыр. Жалпы аумағы 700 гектарды құрайды. «Жаңаарық» және «Нағи» атты шаруашылықтар жоғарғы деңгейде өнімімен бізді қуантуда. «Жаңаарық» шаруа қожалығы бірінші жылғы жоңышқаны

үшінші оруға жоспарлап отыр. Бұл дегеніміз - мамандардың көзқарасымен алғанда едәуір жетістік болып саналады. Яғни, біз мұны өзіміздің өңір ауылшаруашылығына қосқан үлесіміз деп білеміз.

Топырақ құнарлығын арттыратын түйнекті бактериялар негізінен алынған «Ризовит-АКС» биологиялық тыңайтқышы бұршақ тұқымдас дақылдардың өнімділігін арттыру үшін қолданылады. Экономикасы дамыған елдер қазіргі уақытта яғни, ауылшаруашылығы өндірісінде химиялық қоспаларды қолданудан арылып, табиғи биологиялық таза әдістерді толық пайдалануды ұсынып отыр. Демек бұл әдістің ерекшелігі сонда, топыраққа табиғи органикалық заттар өсімдік қалдықтарын өндіргенде және топырақты тыңайтатын өсімдіктерді егу арқылы топырақтың биологиялық белсенділігін арттыруға жауапты микроағзалардың тыныс-тіршілігін қадағалап реттеп отыруға мүмкіндік туады. Өндіріске ұсынылған инновациялық жобаны өндіріске өндіргенде нәтижесінде шаруаларға келесі пайдаларды алу күтіледі.

- біріншіден қолданылатын минералдық тыңайтқыштарды мөлшері азаяды және жұмсалатын қаражат үнемделеді.

- екіншіден тұқымдық дәnnің сыртқы қабығын механикалық жолмен аршитын скарификация әдісіне келетін қосымша электр қуаты мен материалдық шығындарды үнемдеуге мүмкіндік береді.

- үшіншіден тұқым шығымдылығы 80-90%-ға дейін артады.

- төртіншіден топырақта таза биологиялық азот жинақталады.

- бесіншіден өнім 25-30%-ға жоғарылайды.

- алтыншыдан биотыңайтқыштарды жоңышқа және түйежоңышқа егістігіне алғашқы жылы ғана қолданылады да, үш жыл қатарынан соның нәтижесін көреді.

- Қателеспесем, сіздерде мал азығын дайындайтын препараттар да бар. Осы жайында айта кетсеңіз?

- Мал шаруашылығын дамыту, малазық дайындау базаларында шөпті жинаудан басқа, оны қысқы азықты дайындау бойынша сүрлем жасайтын «Казбиосил» деген ашытқы бар. Яғни, «Казбиосил» биологиялық препаратымен мал азықтық сүрлем мен пішендеме дайындау жобаларын жүзеге асырады. 2014 жылы «РЗА Асыл-түлік» ЖШС-гі «Казбиосил» биологиялық препаратымен 7000 т сүрлем және 20 т пішендеме басты. «Казбиосил» биологиялық препаратымен дайындалған сүрлеммен азықтандырылған сауын сиырлар тәулігіне орта есеппен 26 л сүт берді. Яғни, биопрепараттың әсерінен 10-12 л артық сүт алынды. Облысымыздағы ең ірі заманауи технологиямен жабдықталған мал

шаруашылығы саналатын «РЗА Асыл-түлік» ЖШС-гі 2015 жылы 17 000 т сүрлем басу үшін «Казбиосил» биологиялық препаратына тапсырыс беріп отыр. Сонымен қатар, жеке шаруа қожалықтары да қызығушылық танытып, тапсырыс жасауда. Бұл біз үшін үлкен жетістік. Бұл ауылшаруашылығының дамуына жасалып жатқан игі істердің бірі.

- Облысымызда зиянкестерге қарсы қандай биотыңайтқыштар қолданылады?

- Зиянкестерді биологиялық таза зиянсыз тыңайтқыштардың көмегімен жою жеке шаруашылықтарға тиімді тәсіл екендігі анық. Жоңышқа дақылын өсіру кезінде өнімділігін арттыратын және зиянкестермен күресетін отандық ғалымдардың шығарған биотыңайтқышын қолдану жоғарлығы мен адам ағзасына қауіпсіздігін ескере отырып өндіріске ендіру. Шет елдік өсімдіктерді қорғайтын биотыңайтқыштарды елімізде қолдану көп жағдайда тиімділігі төмен, себебі олар қоршаған орта жағдайына бейімделе алмайды. Ауылшаруашылық дақылдарының зиянкестерімен күресуге арналған отандық биологиялық тыңайтқыш – турингин.

«Турингин» ауылшаруашылық дақылдарында кездесетін жапырақ кеміргіш жәндіктерден қорғайтын биотыңайтқыш. Бұл биотыңайтқыш зиянкестердің ішектеріне әсер етеді, ас қорыту жүйесінің ферменттерінің секрецияларын әлсіретеді және ішектерінің функцияларын бұзады, коректенуді тежейді. «Турингин» биотыңайтқышын өндіріске өндіргенде нәтижесінде шаруаларға көп пайда әкеледі. Мысалы, экологиялық таза өнім алынады, яғни, биотыңайтқыш өсімдіктер бойында жиналмайды және өнім құрамында зиянды заттар болмайды. Және де, зиянкестерді 60-70%-ға жояды. Сонымен қатар, өнімділік артады.

- Қазіргі кезде, институт ғалымдары қандай орталықтармен тығыз байланыста?

- Институт ең бірінші кезекте жергілікті Б.Жақаев атындағы күріш ғылыми институтымен тәжірибелік бірлескен жұмыстар жасаймыз. Ол жердегі ғалым ағаларымыздың ой-пікірімен санасамыз, пікірлер алмасып отырамыз. Және де, Қорқыт Ата атындағы мемлекеттік университетінің оқытушы-ғалымдармен ұдайы байланыс жасаймыз. Сонымен қатар, олардың дайындап жатқан мамандарын микробиология, биология, экология мамандықтары бойынша студенттерді практикалық тәжірибеден өткізу арқылы бірлескен жұмыстар жасаудамыз. Алысты-жақынды шетелдерден Болгария мемлекетінің ғалымдарымен байланыс бар. Ондағы университеттермен мал азықтық дақылдарды, жоңышқаның түрлерін дайындауда пікір алмасамыз.

- Әңгімелескеніңізге рахмет!

Сұхбат құрған Рыскелді ЖАХМАН.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ БОЛАШАҒЫ ЗОР



Өткен бейсенбіде «Болашақ» университетінің конференция залында «Тілі бірдің – тілегі бір» тақырыбынғы дөңгелек үстел отырысы болды. Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, мемлекеттік тіл саясатын насихаттау, мәртебесін асыру мақсатында ұйымдастырылған іс-шараға аймағымыздағы сан саланың тізгінін ұстаған көшбасшылары қатысты. Атап айтар болсақ, жоғарғы және арнаулы орта оқу орындарының мемлекеттік тілді меңгерген өзге ұлт өкілдері, тіл жанашырлары, тілдерді оқытудың өңірлік орталығының қызметкерлері, «Жас Отан» ЖК облыстық филиалының белсенді мүшелері, «Болашақ» университетінің қазақ тілі және журналистика кафедрасының студенттері іс-шараның жүйелі өтуіне атсалысты. Жалпы, жыл сайын салтанатты жағдайда аталып өтілетін Қазақстан халқы

тілдерінің күні мерекесіне орай облыстық іс-шаралар жоспары бекітіліп, бірқатар жұмыстар басталып та кеткен болатын. Осы орайда, «Тілі бірдің – тілегі бір» тақырыбындағы дөңгелек үстел осының куәсі болмақ.

Отырысты Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Еркебұлан Қайырбекұлы ашып, жүргізіп отырды. Шара барысында облыстық ішкі саясат басқармасы тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Ләззат Жұмаханқызы «Тіл – бірліктің бастауы» тақырыбындағы баяндамасын оқыды. Мұнда бөлім басшысы мемлекеттік тілдің маңыздылығы мен мәртебесіне баса көңіл аудару керектігін тілге тиек етті. Одан соң, «Тіл – елдігіміз бен бірлігіміздің туы» атты баяндамасымен тіл жанашыры, «Болашақ» университетінің оқытушысы, ф.ғ.к., доцент Сара

Тамшыбайқызы көпшіліктің көкейіндегі мәселені қозғады. Сонымен қатар, Назарбаев зияткерлік мектебінің баспасөз хатшысы Елена Владимировна «Мемлекеттік тіл – менің тілім» тақырыбында хабарлама жасады. Қазақ тілін еркін меңгерген Елена барша жастарды мемлекеттік тілде сөйлеуге шақырды. Және де, тілді шұбарлау тілге жасалған қастандық дегенді айтты.

Дөңгелек үстелге қатысушы белсенді жастар тіл саясаты төңірегінде өз ойларын ортаға салып, өзара пікір алмасып отырды. Тіл жанашырлары тіл туралы өлеңдерін оқып, өз өнерлерін көрсетті. Әрине, өз сөзінде Бауыржан ағамыз «Тілін білмеген - түбін білмейді» деген болатын. Қазіргі қоғамда орын алып жатқан оқылықтар нәтижесінде қазақ тілінің дамуында бәсеңдеу үрдісі байқалып жататыны шындық. Ал, осындай шаралар барысында өзге ұлт өкілдерінің қазақша еркін сөйлеп, ұлттық аспабымызбен ұлттық күйімізді орындап беріп жатқанын көргенде тіл мәртебесі төмен деп айтуға ұяласын.

Шара барысында Е.Қайырбекұлы тіл мерекесіне орай облыс көлемінде көптеген игі іс-шаралардың жалғасын табатындығын айта кетті. Сонымен қатар, жиын соңында Қазақстан халқы тілдерінің күні мерекесіне орай мемлекеттік тіл саясатын насихаттауға атсалысып жүрген бірқатар азаматтар басқарманың алғыс хатымен марапатталды.

Рыскелді ЖАХМАН

БИЗНЕСКЕ БАҒЫТТАЛҒАН БІРЕГЕЙ БАҒДАРЛАМА

Қызылорда облысы, Шиелі ауданының тұрғыны жеке кәсіпкер Тамара Ақмағамбетова «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті дамыту мен қолдауға арналған бірегей бағдарламасы аясында «Жастық тазалау мен өңдеу» атты жобасына 1 млн. теңге қайтарымсыз грант ұтып алды.

Тамара Ақмағамбетова бірнеше жылдар бойы денсаулығы сыр беріп, мүгедек арбасына таңылған. Өзінің осы жағдайына қарамастан, тыным таппайтын Тамара апай үйінде екі немерені бағып отырған бақытты әже. Жыл сайын Талсуат ауылындағы Мүгедектерді сауықтыру орталығында ем алады және 2014 жылы кезекті ем алу кезінде «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасымен танысып, ерекше жобаларға арнайы грант берілетіні жайлы да естіді. Жылдар бойы ойында жүрген жоспарын жүзеге асыруды қолға алу кәсіпкердің сауығуына қосымша мотивация

болғаны рас, өйткені мүгедек арбасымен жылдар бойы қиналып жүрген Тамара Ақмағамбетова облыс орталығына құжаттар дайындауға келу барысында арбадан мүгедектердің жүруіне арналған қолтіреуішке ауысып, өз аяғын жұмыс жасатты. Аяққа тұрғанына қатты қуанған кәсіпкер өзінің бизнестегі алғашқы қадамдары туралы бөлісті.

«Бизнес-Кеңесші» атты кәсіпкерліктің қысқа курсы естіген кезде бірден жазылып, оқудан өтті. Тренинг кезінде «Даму» қорының қызметкерлерінен «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы жайлы білдім, сондай-ақ бағдарлама аясында бастауыш кәсіпкерлерге берілетін қайтарымсыз грант жайлы естідім. Біздің ауданда жастықты сапалы өңдеу мен тазалаудан өткізетін арнайы мекеме жоқ және осы кәсіпті қолға алуды жөн көрдім. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының мамандарымен бірлесіп, бизнес жоспарымды дайындадық.

Конкурсқа қатыстым және грант ұтып алдым. Алдағы уақытта жоспарымды жүзеге асырып, аудан тұрғындарына сапалы қызмет көрсетуге жұмыс жасаймын», - дейді Тамара Ақмағамбетова.

Грант ұтқан мүмкіндігі шектеулі кәсіпкер жастықты сапалы өңдеу мен тазалаудан өткізуге арналған құрал-жабдықты Ресейлік компаниясынан сатып алуды жоспарлап отыр. Өндіріс кезінде тазалауға әкелінген жастық 20 минутта дайын болады, атап өтсек бірінші арнайы құрылғы көмегімен барлық шаң-тозаңнан арылтады. Осыдан соң жастықтың ішкі қаптамасы тігін машинасында тігіледі және үпіліктерді шығармайтын арнайы ТИК атты қатты және мықты мата да сатып алынады. Сондай-ақ келген клиент барлық өңдеу процесін өз көзімен бақылап тұрады. Кәсіпорында 2 қызметкер жұмыс жасайтын болады.

«АЖ-ақпарат»



«ҰЛТ ЖОСПАРЫ – 100 НАҚТЫ ҚАДАМ»

«Сыр медиа» ЖШС жанындағы облыстық коммуникация орталығында Қызылорда облысының ішкі істер департаменті бастығының орынбасары полиция полковнигі Шохатаев Махмудин Мұхтарұлының қатысуымен «Ұлт Жоспары – 100 нақты қадам баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» атты институционалдық бес реформасының әр бағыты бойынша бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне арналған брифинг өтті.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында ел алдында тұрған межелерді айқындап, нақты міндеттер жүктеді, дамуға, ілгерілеуге жол ашатын нақты 100 қадамды белгілеп берді. Қазіргі заманғы мемлекет құрудың 5 институционалды бағыттарын айқындаған бұл бағдарлама ел өміріндегі ерекше саяси оқиға болды.

Ерекше атап өтерлік жайт, ішкі істер органдарына қызметкерлерді іріктеуде полиграфологиялық зерделеуден өткізу технологиясы қолданысқа енгізілді. Адамның жеткізіп отырған ақпаратының растығын тексерудің немесе жасырып отырған фактілерді анықтаудың жалғыз құралы болып табылады. Полиграфпен жүргізілген сауалнама үміткердің заңға қайшы істерге қатыстылығын, қылмысқа байланысы бар-жоғын, сыбайлас жемқорлыққа бейімділігін және т.б. анықтайды.

«Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» бағдарламасында айтылған келесі мәселе – жергілікті атқарушы органдарға және жергілікті қоғамдастыққа есеп беретін ЖЕРГІЛІКІ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІН құру тапсырмасы болатын. Осыған байланысты ІІМ жергілікті полиция қызметінің мәртебесін заңнамалық тұрғыдан бекітуді қарастыратын «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті полиция қызметінің жұмысы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы әзірленді. Қазіргі уақытта Заң жобасының негізгі ережелері Үкіметпен келісілді және Президент Әкімшілігінің қолдауына ие болды. Бүгінгі күні ол Парламенттің қарауына енгізілді. Жергілікті полиция қызметі қоғамдық тәртіпті күзету, жол қауіпсіздігін және тұрмыстық қылмысқа қарсы іс-қимыл жасау жөніндегі міндеттерді іске асыратын болады. Жергілікті полицияның құрамына учаскелік инспекторлар, жол-патрульдік, ювеналдық, табиғатты қорғау полициясы, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімдері, қабылдап-тарату және арнайы қабылдау бөліністері кіреді. Аталған қызмет саласының қызметкерлері тікелей жергілікті әкімдікке бағынғанымен, бұл жаңа қызмет саласы ішкі істер органдарының құрылымында қалады. Оның басшысын ІІМ-нің ұсынысы бойынша мәслихат депутаттарының келісімі бойынша облыс және қала әкімдері тағайындайтын болады. Тиісінше, жергілікті полиция қызметінің басшылары қызметінің ашықтығын және жариялылығын көрсету мақсатында жылына 2 рет әкімнің және мәслихат депутаттарының алдында есеп берсе, жылына бір рет халықтың алдында атқарған жұмыстары жайлы есеп беретін болады. Яғни, халық полиция қызметіне деген өзінің бағасын беріп, көмектіктерін айтып, ұсыныс-пікірлерін білдіруге мүмкіндік туады. Бұл Елбасымыздың айтып жүрген «Полиция – халыққа жақын болу қажет» деген тапсырмасын жүзеге асыруға тірек болмақ.

Сондай-ақ, реформада «Қылмыстық құқық бұзу картасы» ұлттық ақпараттық жүйесі негізінде интернет-портал құру мәселесі де айтылған. Бұл картада елімізде бір апта көлемінде жасалған барлық қылмыстық құқық бұзушылықтар тіркелмек. Бұл жүйе тұрғындардың біздің жұмысымызды бақылауларына, полиция қызметінің жариялылығын, ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың ұсынған 100 нақты қадамы – дамуға, ілгерілеуге, құқықтық тұрғыдан жаңғыруға әкелетін сәтті ойластырылған бағдарлама екенін ерекше атап өткім келеді. Сондықтан аталған бағдарламаны басшылыққа ала отырып қана біз әр қадамымызды нық, сенімді, жемісті жасарымызға сенімдімін», - деді М.Шохатаев жиын соңында.

Қызылорда ОИД баспасөз қызметі.



«КЕЛІНДІ» КӨРСЕТУ – ЕЛДІ АҚЫМАҚ ҚЫЛУ немесе

Әзілханов әзілдей береді

«Қазақстан» телеарнасына «ұлттық» деп айдар таққанымызға да біраз уақыт болды. Дұрысы, біз емес, олар өздеріне осылай ат қойды. Естігенде риза болдық, мақұл дестік. Тек қазақша хабар таратса не болыпты деп, арна болашағына іштей сенім білдірдік. Бірақ сенген «қойымыз» сенімімізді ақтамады. Қайдағы бір үндінің қаңсығын қазаққа таңсық етті. Иә, әйгілі Анандидың әлегі әркімді әлденеше бағытта баурап алғаны да шындық. Ананди біткенде қуанғанымыз да рас. Білгіштер жалғасы бар деп жатты. Бар болса бар шығар, бірақ ұлттық мүддені ойлайтын ұлттық арна тұтастай ұлттың пікірімен санасады деп ойлағанбыз. Олай болмай шықты. Осылайша, миллиондаған қазақты мезі еткен «Келін» телесериалының жалғасы қайтадан эфирден көрсетілетін болды. Бұл туралы арнаның баспасөз қызметі хабарлады. Төрт жылға жуық ұлттың санасын улап келген «Келін» телесериалын көрсетуге «Қазақстан» арнасы неге құштар болды? Рейтинг жинау ма үшін бе? Бұл әлде үнді салт-дәстүріне жарнама жасау ма?

Ұлттық арнаның баспасөз парақшасында «Барлық жанкүйерлерді қуанышты хабармен құттықтай келе, көптен күткен «Келін» телесериалының жаңа маусымының басталуын асыға күтеміз. «Қазақстан» Ұлттық телеарнасы көрермендердің жүрегін жаулап алған басты кейіпкердің шытырман оқиғаларға толы тағдыры жайлы шынайы түсірілген «Келін» сериалының жаңа маусымының ашылуымен қуантпақ» делінген.

Арна баспасөз қызметкерлерінің айтуынша, еліміздің түпкір-түпкіріннен жанкүйерлер «Қазақстан» телеарнасының редакциясына және әлеуметтік желілерде хаттар жолдап, эфирде «Келін» сериалының жалғасын қоюды өтіне сұраған.

«Астана қаласының тұрғындары Жүсіповтер, Амангелдиевтер және Бейсембектердің отбасылары былай деп жазады, «...Бұл сериал бізді жарқын бояуларымен, әдемі бетбейнелерімен баурап қана қоймай, сол сияқты кейіпкерлердің бір-біріне деген қарым-қатынасы, үлкендерге деген құрметі, қазақ дәстүріне өте ұқсас болғандықтан тәнті етті. Бұл сериалда бәрі дерлік дұрыс: ене мен келін, шеше мен қыздың, әже мен немеренің, ағайындардың арасындағы қарым-қатынастардың өте орынды екенін жеткізгіміз келеді. Біз сериалдың кейіпкерлерін жақсы көріп қалдық. «Қазақстан» арнасы «Келін» сериалының көрсетілімін тоқтатқанда

түңіліп қалдық».

Хаттың мәтіні осындай. Яғни, «Қазақстан» арнасы үш әулеттің өтінішін орындап жатқан секілді. Сонда, үш жүздің тағдыры үшін ойланбағаны ма? Онсызда үндінің салт-дәстүріне жұрт әбден қанық. Онсызда орын алып жатқан жағдайлар жетіп артылады. Кешегі атақты әншіміз Аша Матайдың қылығын немен байланыстыруға болады. Әрине айтпаса да түсінікті. Үндінің мәдениетіне үнілу. Бұлай әркім өз ойына келгенін істеп, өз білгенімен жүре берсе не болмақ? Жағымсыз нәрселерден ұлтты аластауға тиіс біздің отандық арналар, қайта оның ұлғаюына себеркер болуда. Қазір үнді сериалдарын көрсетпейтін телеарна бар ма екен? «Астана» арнасында – «Мадхубала», «КТК»-да - «Махаббат мұңы», «Махаббатта шек бар ма?» және «Тағдырмен тартыс», «31 арнада» - «Сен келерсің» және «Сүйген сұлу», «Еуразияда» - «Сүйген жар» және «Джодха мен Акбар» т.б. Тізе берсең таусылатын түрі жоқ. Біз ашықтан-ашық үнділерді насихаттауға үйреніп алдық.

Белгілі журналист Ержан Байтілес өзінің «Facebook»-тегі парақшасында халыққа сауалнама жүргізген болатын. Сауалнамада «арамызда ұлттық арнаға «Келін» телесериалының жалғасын көрсетіңіздерші деп өтініш жасағандар бар ма», - делінген. Сауалнамаға қатысқан 250-ден астам адамның барлығы дерлік Анандиды керек етпейтіндерін ашық түрде мәлімдеген. Ол сериалды халықтың қаламайтыны айтылып-ақ жатыр. Егер сауалнаманың ауқымы қаншалықты кең болса, Анандидан жиренетіндер қатары соншалықты көп боларына сеніміміз зор.

Төрт жыл бойына халыққа жылып-сықтауды үйретуден жалықпаған үнді киносы ісіне қайта кіріспекші. Холи деген мейрамдарын тойлатып жастарымызды ата жолынан адастырды. Естілерді есінен айырды. Ал, осындай «игі істерге» бастамашы болып отырған ұлттық арнаға жол болсын айтамыз!

Оқырманның есіне салайық, бұған дейін еліміздің Мәдениет және спорт вице-министрі Марат Әзілханов болашақта телеарналар үнді және корей сериалдарын көрсету құқығынан айрылады деген болатын. Өкінішке орай, біздің министрлер әзілдей бере ме, әлде оларды тыңдайтын пенде жоқ па, әйтеуір, айтқандары айдалаға кетеді.

Рыскелді ЖАХМАН

Науқанова Ақнұр Маратқызы 1996 жылы 6-маусымда Қызылорда облысы, Жақыпбек Маханбетов ауылында дүниеге келген. Ақнұр поэзия әлемінде құлашын кеңге жайып келе жатқан қазақтың қаракөз қыздарының бірі. Облыстық жыр мүшәйраларының және шығарма бәйгелерінің лауреаты. Облыстық О.Бөкей оқуларының арнайы номинация иегері. 2015 жылғы «Сағындым сені, я, РасулАлла» атты облыстық шығарма бәйгесінің бас жүлде иегері атанған. Көңіл толқынын тек жырға бұрып жүрген талантты жас ақын қазіргі таңда М.Мәметова атындағы колледждің студенті.

КҮЗГЕ СЫР

Шаршадым.
Бәрінен жалықтым,
Тұнжыртып әкетті тамық түн.
Тағы сол терезе алдында,
Сырластық таныттым.

Салқын күз.
Онсызда жүрегім салқын, мұз,
Күнгірттеу тұманның ішінде.
Қиялдап,
Жапырақ кешемін жартымсыз.

Көңілде, өмірде бәрі үнсіз,
Өмірдің өлені тәңірсіз.
Жаныма жұп болған жалғыздық,
Жылатты бүгінде тағы үнсіз.

Келемін.
Жапырақ төселген көшемен,
Сырласып алған ем кешеден.
Мен оны түсіндім, ол мені,
Түсінбес біздерді күзгі өлен.

Күзгі өлен.
Сендегі жырларды үзбеп ем,
Мені тек түсінер сен деп ем
Сен деп ем, жанымды емдеген.

Мендегі ауыры, алып мұң,
Сондықтан қабағым жабық тым.
Тағы сол терезе алдында,
Күз ғұмыр,
Мен саған сырластық таныттым...

ТӘУЕЛСІЗДІК - ТЕҢДІГІМНІҢ АЙҒАҒЫ

Тәуелсіздік - теңдігімнің айғағы,
Тәуелсіздік – қазағымның байрағы.
Мәртебесі асқақтасын елімнің,
Биіктей бер, туған елдің байрағы.

Тәуелсіздік - аңсап күткен азат күн,
Тәуелсіздік - ар-намысы қазақтың.
Еліміздің бірлігінің арқасы,
Атты міне егеменді ғажап күн.

Туған елім тұмарымсың тағынар,
Туған жерім бағымсың ғой жаны бар.
Тәңірімнің алашыма сый еткен,
Нұрсұлтандай ел тірегі, нары бар.

Туған елім сенсің менің тағдырым,
Сенен алам, сенен көрем жан нұрын.
Сендей ғажап бола алмайды білемін,
Мына әлемнің жинасам да сан гүлін.

Тәуелсізбіз!
Осы бір сөз көтереді еңсемді,
Елбасының өрлігіне ел сенді.
Азаттықтың туы көкке желбіреп,
Құның сенің тарихыңмен өлшенді.

Тәуелсіздік бағымсың сен, кеп қонған,
Заман өтті көкірекке кек толған.
Қазақ елі құралады тек қана,
Иманды қарт, ибалы қыз, текті ұлдан.

Ақнұр МАРАТҚЫЗЫ

«КЕЛІННІҢ» КЕСІРІ

Танымал әнші әрі актриса Аша (Ақбота) Матай тұрмысқа шығардың алдында құрбыларын жинап, керемет кеш өткізді. Бұл туралы NUR.KZ хабарлайды.

“Мистерионс” тобының әншісі Арман Қоңырбаев пен Аша Матайдың үйлену тойы жақын аралыққа жоспарланған. Ал жұлдызды жұптың үйлену тойынан бұрын өткен Ашаның көңілді кешіне оның ең жақын құрбылары мен шоу-бизнесітегі әріптестері қатысты.

Аша Матайдың “девичнигіне” жиналған танымал адамдардың ішінде Луина, Мақпал Исабекова, Рано Омарова, “Қазақстан аруы – 2013” атанған Айдай Исаевалар бар.

Бір қызығы, Ашаның құрбылары көңілді кешке ерекше образ тандапты. Яғни, болашақ қалдыңдықтан бастап барлық құрбылары үндінің ұлттық киімін таңдаған. Тіпті, Ашаның өзі де үндіше би билеп берді.



ИМАН

Қасиетті рамазаннан кейінгі шәууал, зұлқағда және зұл-хиджа деген құрметті айлар қажылық айлары болып саналады. Шама-шарқы, қаражаты жететін әрбір мұсылман аталған айларда исламдағы ең үлкен парыздардың бірі қажылықты өтеуге қамдана бастайды.

Қажылық сөзі туралы

«Қажылық» ұғымы сөздікте – «қасиетті жерге баруды ниет ету» дегенді білдірсе, шариғатта – арнайы уақытта, яғни, қасиетті рамазан айынан кейінгі айдан бастап зұл-хиджа айының 10-12 күндеріне дейін арнайы бекітілген ихрамға кіру, Мекке қаласына барып, Қағбаны жеті айналып тауап ету, Сафа мен Мәруа арасында сағи жасау, Арафатта тұру, Мұздалифада түнеу, Минада болып шайтанға тас ату сияқты амалдарды орындау деп түсіндіріледі.

Қажылық құлшылығының бойында үлкен даналық, ашылмаған құпиялар жатыр әрі ол үшін берілетін сауап та шаш-етектен. Оның парыздығы қасиетті Құранда: «Алла үшін Қағбаны адамдарға қажылық ету парыз» деп ұқтырылса («Әли-Имран» сүресі, 97-аят), хадисте: «Умра умраға дейінгі аралықтағы (кіші) күнәларды шаяды, ал хаж мабрурдың (шынайы қажылықтың) сыйлығы – тек жәннат» деп сүйіншіленеді. (Бұхари, Муслим)

Сонымен қатар, қажылық сапары туралы сөз қозғағанда есімізге еріксіз Мекке қаласы, Алланың үйі Қағба, Қара тас, Зәм-зәм суы, Арафат, Құрбандық оралады. Бүгін аталған ұғымдардың арасынан Мекке қаласы туралы аз-кем сөз қозғап көрмек ниетіміз бар.

Мекке қаласына деген ыстық сезім

Жер бетіндегі барлық мұсылмандардың жүрегінде Мекке қаласына деген ерекше ыстық сезім бар екені жасырын емес. Бұл аңсар, бұл ынтықтық қадым заманнан бері жалғасып келеді. Біздің ата-бабаларымыз да Мекке қаласына ерекше құрмет көрсететін болған. Мәселен, Шал ақын былай деп жырлаған екен:

Мекке менен Мәдина
жолдың ұшы,
Алыс сапар дейді ғой барған
кісі.
Ата менен ананды
құрметтесен,
Мекке болып табылар үйдің
іші.

Пайғамбарымыз (оған Алланың сәлемі мен игілігі болсын): «Алла Тағала аспан-дар мен жерді жаратқан кезде бұл қаланы құрметті етіп қойған және ол қала Қияметке

дейін Алланың қалауымен құрметті болып тұрады» деген болатын. (Муслим). Яғни, бұл хадистен байқайтынымыз. Мекке қаласының тарихы адам баласының пайда болуынан да ертерек заманда қарастырылады.

маған Алладан бұйрық келді». Исмаил: Құдайыңның бұйырғанын орында», - деді. Ол: «Ал сен маған жәрдем бересің бе?». Ұлы: «Мен саған көмектесемін». Ибраһим (оған Алланың сәлемі болсын) айтты: «Ақиқатында, Алла маған

Бұл қаланы Меккені бейбіт ет әрі оның Аллаға және Ақирет күніне сенген тұрғындарын жемістермен қамтамасыз ет», - деп дұға жасаған. («Бақара» сүресі, 126-аят). Ғалымдар бұл дұғаның қабыл болып, Меккенің бейбіт қалаға айналғандығын

МЕККЕДЕ ҚАНДАЙ ҚҰПИЯ БАР?



Қағбаның тұрғызылуы және Мекке туралы дұға

Мекке жерінде екінші рет Алла үйін тұрғызған – Ибраһим Пайғамбар мен ұлы Исмаил (оларға Алланың сәлемі болсын) болып есептелінеді. Құранда Ибраһимге Қағбаның орны көрсетілгені айтылады.

Хадисте бұл оқиға былай баяндалады: «Ибраһим (оған Алланың сәлемі болсын) мен Ажар анамыздың Исмаил есімді ұлы дүниеге келгенде, Ибраһимнің алғашқы әйелі Сараның бойын қызғаныш билеп, баласы мен анасын алыс аймаққа жіберуді талап етеді. Алла Тағала Ибраһимге (оған Алланың сәлемі болсын) оларды қазіргі Мекке жеріне қоныс аударуды уахи етеді. Пайғамбар (оған Алланың сәлемі болсын) Исмаил мен Ажар анамызды қасиетті жерге орналастырып, ара-тұра келіп тұрмақ болады.

Осыдан кейін Ибраһим (оған Алланың сәлемі болсын) Алла қалағанша уақыт бөлек өмір сүріп, ұлы мен әйеліне қайта келеді. Сонда Исмаилдың (оған Алланың сәлемі болсын) Зәмзәмнің жанындағы үлкен ағашқа садақ атып жүргенін көреді. Ибраһимді (оған Алланың сәлемі болсын) көре сала, сәлем беру үшін жанына келеді. Сәлем берісіп болғаннан кейін әкесі баласына: «О, Исмаил, ақиқатында,

осы жерде үй соғуды әмір етті» (Қағбаны).

Сөйтті де, бәрінен де биік болып тұрған қыратты көрсетті. Осы жерге Алла бұйырған үйдің негізін қалай бастады. Исмаил тас әкелумен, Ибраһим соғумен болды. Қабырға биік етіп тұрғызылғаннан кейін Исмаил Ибраһимнің (оларға Алланың сәлемі болсын) астына тас әкеліп қойды. Ол оның үстіне шығып, әрмен қарай тас қалай берді. Олар Қағбаның іргетасын көтеріп жатып: «Рабымыз! Бізден қабыл ал! Ақиқатында, Сен – барлық нәрсені Естуші, бәрін Білушісің!» деп дұға айтумен болды. (Бұхари).

Қағба тұрғызылып біткеннен кейін Алла тарапынан: «Әрі адамдардың арасында қажылық жайында хабарла. Олар саған жаяу және түрлі жүдеген (жануарлар) үстінде алыс жерлерден (жердің түкпір-түкпірінен) келеді» деп бұйрық беріледі. Дәл солай болды, бүгінде миллиондаған адамдар жердің түкпір-түкпірінен Ибраһим мен Исмаил (оларға Алланың сәлемі болсын) негізін қалаған Алланың үйіне тәуап жасау үшін келеді.

Мекке туралы дұға

Алла Тағала Құранда Ибраһимнің тұрған орнын намаз оқитын жер етіп алуды бұйырады. Ибраһим Қағбаны соғу барысында: «Рабым!

әрі құрғақ жер болса да түрлі жемістердің үзілмейтіндігін айтады.

Осылайша, ең алғаш құлшылық орны тұрғызылған Мекке ықылым заманнан-ақ күллі адам баласын таухидке шақыратын қасиетті мекен болып келеді. Меккені мұсылмандар үшін ғана емес, барша адамзатқа ортақ қасиетті өлке деп айтқан болар едік.

Мекке – тіршіліктің бастауы

Құран мен сүннетте аталған қаланың артықшылықтары қаншама ғасыр бұрын мәлім етілген болатын. Ал ғалымдар қауымы жаңа технологиялардың көмегімен, о баста Мекке жер бетін алып жатқан судағы бір тұтам жер болған, барлық құрағақтық атаулы жанартау әсерінен осы жерден пайда болды деген тұжырымды енді ғана жасап отыр. Сахабалар кезінде «Қағба – жердің кіндігі» деп айтатын болған. Бұл ақиқат та мыңдаған ғалымдардың есептері мен үлгілеуінің нәтижесінде күні кеше ғана дәлелденді.

Сырымыз мұнымен бітпейді, таяуда ғарыштан түсірілген суреттен Мекке мен Медине қаласының әрқашан жарқырап тұратыны анықталған болатын.

Қасиетті Құранның «Әли-Имран» сүресінің 96-аятында Мекке қаласы туралы:

«Ақиқатында, адамдарға ең алғаш салынған – Бәккедегі үй. Ол әлемдер үшін құт-береке әрі тура жол» делінген. Келтірілген аят та Меккенің әлемдер үшін ерекше мекен екенін нұсқайды.

Мекке және магниттік полюстер

1977 жылдан бастап Араб түбегі орналасқан жерде бір кездері Гондвана аталатын құрлықтың болғаны, кейіннен жеті құрлыққа бөлінгендігі айтыла бастады.

Каир университетінің ғалымы Хусейн Камалуддин Меккеде, нақты айтсақ, Қағба орналасқан жерде Жер ғаламшарының магниттік орталығы бар екендігін жазады. Ол мұндай пікірді Жердің магниттік полюстері өзгергенде Қағбаның полюсі қалпында қалатындығын байқағаннан кейін айтты. Ол әлемнің әрбір бұрышындағы қыбыла бағытының магниттік сызықтарға сай келетінін және бұл сызықтардың Мекке қаласына қарай бағытталатынын анықтағанда қатты таңырқаған екен.

Меккені бейбіт қала етуші – Құдіретті Алла

Әлем халқы Меккені – «адамзаттың алғашқы бесігі», «қалалардың анасы» деп те атайды. Сондай-ақ, Құранда Бәкке, Бейбіт қала деген атаулары кездеседі. Алла Тағала Тин сүресінде осы Бейбіт қаламен ант етеді. Мекке – Құранның алғаш аяттары түскен, ислам дінінің қазығы қағылған орын. Мекке – Пайғамбарлардың абзалы Мұхаммедтің (оған Алланың сәлемі мен игілігі болсын) дүниеге келген, қимасындай болған сүйікті әрі алғаш сәждеге басы тиген жері. Меккеде ислам дінінен кейін басқа ешбір дін іргесін салған емес. Мұнда Аллаға күпірлік ететін адамдардың кіруіне тыйым салынады, егер ондай адам қайтыс болса, қасиетті жерге жерленбейді. Меккенің жануарына, құсына қиянат жасауға, ағашын сындыруға болмайды. Меккеде жасалынған құлшылықтар үшін сауаптар еселенеді. Меккеде оқылған бір намаз жүз намазға тати-ды. Тіпті, Мекке мен Мединеге Дәжжал аяқ баса алмайтын болады. (Муслим). Жердің басқа бұрышында тұратын адамдар тек қана Қағбаға қарап намаз оқыса, Мекке тұрғындары Қағбаның жан-жағынан айналып келіп құлшылық жасай алады. Осыншалықты құрметті қалаға қонақ болған адам да құрметті болмақ.


Алла сіз бен бізге Қасиетті қаласына қадірлі қонақ болуды нәсіп етсін!

«Алаш айнасы».



19.09.2015

ҚОҒАМ



7

СЕМИНАР ӨТТІ

2015 жылғы 28 тамызда «ХҚКО» РМК Қармакшы аудандық бөлімінде Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығы мерекесіне орай үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің қатысуымен «Қазақстанның Ата Заңы - Тәуелсіздіктің негізгі құндылығы» тақырыбында семинар өткізілді. Семинарда Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Қармакшы аудандық филиалының төрағасы Ә.Құлдүйсенов, «Нұр Отан» партиясы Қармакшы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары К.Раева, Ішкі саясат бөлімінің әлеуметтанушысы Х.Мырзагелдиева, «Қармакшы жастары» жастар қоғамдық бірлестігінің төрайымы Г.Махановалар тұңғыш Конституцияның мемлекет тарихында, қоғам өмірінде алатын орны туралы ой-пікірлерін ортаға салып, Ата Заңымыздың маңыздылығын жоғалтпай сақтау республикамыздың әрбір азаматының міндеті мен парызы болуы тиіс екенін айтып өтті.

«ХҚКО» РМК Қызылорда облысы бойынша филиалының Қармакшы аудандық бөлімі.

ӘСКЕРГЕ БАРАМ ДЕСЕҢІЗ

Бұл мемлекеттік қызмет түрі «Халыққа қызмет көрсету орталығы» арқылы қабылданады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап - 30 (отыз) жұмыс күнінде орындалады, өтініш пен құжаттарды қабылдаған күн қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі әскерге шақырылушыларға әскерге шақыру учаскелеріне тіркеу туралы куәліктер беру болып табылады.

Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі. Көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

Әскерге шақырылғандарға шақыру учаскелеріне тіркеу туралы куәлік алу үшін қажетті құжаттар

ХҚКО-ға

Тіркеу туралы куәлік жоғалған кезде:

- 1) Белгіленген үлгідегі өтініш;
- 2) Жеке куәлік (жеке басын сәйкестендіру үшін);
- 3) 3x4 екі фото;

Тіркеу туралы куәлік бүлінген кезде:

- 1) Белгіленген үлгідегі өтініш;
- 2) Қолда бар тіркеу туралы куәліктің түпнұсқасы;
- 3) жеке куәлік (жеке басын сәйкестендіру үшін);
- 4) 3x4 екі фото;

Тегі, аты, әкесінің аты немесе басқа да есепке алу деректері өзгерген кезде:

- 1) Белгіленген үлгідегі өтініш;
- 2) Тіркеу туралы куәліктің түпнұсқасы;
- 3) 3x4 екі фото.

С.МАДЕНОВ,

«ХҚКО» Қармакшы аудандық бөлімінің инспекторы.

НЕКЕ ҚИЮДЫРҒЫҢЫЗ КЕЛСЕ...

2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап, «Электрондық үкімет» порталы арқылы некеге тұру туралы өтініш берудің жаңа электрондық қызметі енгізілді. Неке қиюды тіркеуге берілген өтініш www.egov.kz электрондық үкімет порталында толтырылады. Некеге тұру туралы өтініш берудің электрондық қызметі бірінші рет некеге тұрушы және электронды-сандық қолтаңба арқылы Интернетке қол жетімділігін айта отырып, үй-жайынан немесе жұмыс орнынан шықпай-ақ, некеге тұру туралы электронды өтінішті бере алады.

Танашбек АРАЙЛЫМ,
ХҚКО Қармакшы аудандық бөлімінің инспекторы

ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТКЕ БАРУ ҮШІН...

Тестлеуге қатысуға өтінім беру үшін порталға тіркелу және «Қызметті онлайн алу» батырмасы бойынша өтіп, өтінімді толтырып жіберу қажет (ЭЦҚ талап етілмейді). Жеке кабинетте «Қызметтерді алу тарихы» тарауынан Сіздің өтініміңізді қабылдау туралы хабарламаны алып, белгіленген күні тестілеуден өту үшін қолхатпен мемлекеттік органға баруыңыз қажет. Аталмыш қызмет кәметке толған адамдар және зейнеткерлік жасқа жетпеген азаматтар үшін қол жетімді. Қызмет тегін көрсетіледі.

Ә.БЕГІМОВА,

«ХҚКО» Қармакшы аудандық бөлімінің инспекторы.

КЕЗЕККЕ ҚОЮ ЖОЛЫ...

Мемлекеттік бала-бақшаға сабиіңіздің туу туралы куәлігін рәсімдеген сәттен бастап кезекке қоя аласыз. Кезек келгенде білім басқармасының қызметкерлері өтініш көрсетуге балабақшадағы кезегінің келгендігі туралы хабарлайды. Егер ата-аналар қандай да бір себеппен баласын балабақшаға беруден бас тартса, кезек одан кейінгі балаға ауысады.

Баланы балабақшаға кезекке қою интернет арқылы egov.kz порталынан жүзеге асырылады. 2010 жылы туған балалар үшін кезекті қарау мүмкіндігі туған күні, тегі және аты бойынша және 2011 жылдан бері қарай туған балалар үшін ЖСН бойынша да, туған күні және тегі аты бойынша да жүзеге асырылады. Үйлеріңізде интернет жүйесі болса балабақшаға онлайн тәсілі арқылы кезекке қою үйден шықпай-ақ жүзеге асырылады. [Egov.kz](http://egov.kz) порталынан қызмет алу бойынша туындаған сұрақтарыңыз бол-

са ХҚКО бөлімінің қызметкерлерінен кеңес алуларыңызға немесе ХҚКО-да орналасқан «Электрондық үкімет бұрышы» немесе «Өзіне-өзі қызмет көрсету секторы» арқылы үйренулеріңізге болады.

Бірінші кезекті орынды алу құқығына ие бола алатындар:

1. Мүгедектердің балалары
2. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар
3. Жетім балалар
4. Көпбалалы отбасының балалары
5. Жеңілдіктер және кепілдіктер бойынша соғысқа қатысушылар және соғыс мүгедектеріне теңестірілген тұлғалардың балалары.

Ж.ЕРМАХАНОВА,

«ХҚКО» Қармакшы аудандық бөлімінің инспекторы.



НОСТРИФИКАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ

Шетелдік білім орындарының берген білім туралы құжаттарын тану/нострификациялау рәсімі ХҚКО-ы арқылы көрсетіледі. Аталған мемлекеттік қызметтерге сұраныс тұтынушылар тарапынан күннен-күнге артып келеді. Оның себебі еліміз егемендік алып, құлашын кеңге жайып, қарыштап дамыған заманда жастарымыздың біліктілігіне, білімділігіне қойылатын талап күшеюде. Осыған орай, мемлекетіміз білікті кадрлар даярлауға барлық күшті жұмылдыруда.

Егер Сіз шетелде білім алып, еліміздің кадрлық потенциалын толықтыру, білікті кәсіби мамандар базасын қалыптастыру мақсатында шетелдік жоғарғы оқу орнын бітіріп келсеңіз. ҚР Білім және ғылым министрлігіне ХҚКО-ы арқылы құжат тапсырып, оны жауапты орган барлық сараптау рәсімін тексеріп қарап, құжат иесінің білім туралы құжатын Қазақстан Республикасында баламалы деп танып, бұйрық шығару негізінде құжат иесіне куәлік береді. Аталмыш қызмет түрін қарау мерзімі 4 айдан аспайды. Ол үшін төмендегі құжаттардың жиынтығын ХҚКО-на өткізуіңіз тиіс:

1) бекітілген нысан бойынша білім туралы құжаттарды тану немесе нострификациялау туралы өтініш;

2) білім туралы құжаттың түпнұсқасы және көшірмесі (түпнұсқа салыстыру үшін, қайтаруға жатады);

3) білім туралы құжатқа мынадай ақпараттары бар қосымшаның түпнұсқасы және көшірмесі (түпнұсқа салыстыру үшін, қайтаруға жатады): оқу пәндерінің тізбесі, өтілген оқу пәндері мен практикаларының сағат/кредит көлемі, алған қорытынды бағалары, курстық және оқу бітіргендегі біліктілік жұмыстары, басқа да оқу процесін құрайтын қосымша (бар болған жағдайда);

4) білім туралы құжаттың және оған қосымшаның нотариалды куәландырылған көшірмесі (білім туралы құжаттың және оған қосымшаның мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасымен бірге).

5) Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлғалар үшін білім туралы құжат иесінің жеке куәлігінің немесе паспортының нотариалды расталған көшірмесі (мемлекеттік немесе орыс

тіліндегі аудармасымен бірге).

6) білім туралы құжатты (оқу орнының мөрімен расталған негізгі орта, жалпы орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды қоспағанда) берген оқу орнын аккредиттеу туралы куәліктің және/немесе лицензияның көшірмесі (мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасымен бірге). Оқу орнының лицензиясының және/немесе аккредиттеу туралы куәлігінің көшірмесі болмаған жағдайда, білім туралы құжат берген білім беру ұйымы туралы ақпаратты (сайттарға немесе басқа да дереккөздерге сілтеме жасай отырып) ұсыну қажет;

7) уәкілетті өкілдің жеке басын куәландыратын құжаты (салыстыру үшін) және өкілдікке өкілеттілікті куәландыратын құжат – көрсетілетін қызметті алушының өкілі жүгінген кезде;

8) төлем туралы түбіртек.

Толық ақпарат алу үшін жергілікті ХҚКО мен 1414 біріңғай байланыс орталығына жүгінуіңізге болады.

ХҚКО Жалағаш аудандық бөлімі

ҚАБЫЛДАУҒА ҚАЛАЙ ЖАЗЫЛАДЫ?

Әрбір азамат Халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы мемлекеттік орган басшыларының онлайн қабылдауына жазыла алады. Онлайн-қабылдау дегеніміз – уақыттарыңызды үнемдеп және мекемеге бас сұқпай-ақ Мемлекеттік органның бірінші басшысына -Сіздерді толғандыратын сұрақтарға дер кезінде жауап алу, пікіріңізбен бөлісуге ерекше мүмкіншілік.

Оны қалай іске асыруға болады?

1. Порталдан авторизациядан өту (егер Сіз порталда алғашқы рет болсаңыз, онда тіркелу қажет).
 2. Сервистегі «Қызметті онлайн тапсырыс беру» батырмасына басу.
 3. Қажетті органды тандау.
 4. Мемлекеттік органның бірінші басшысының қабылдау кестесімен танысу.
 5. Өзінің мәліметтерін көрсетіп, ыңғайлы күнді тандап, қабылдауға жазылып, сонымен қатар видео-конференцбайланысын өткізу үшін ыңғайлы ХҚКО көрсету қажет.
 6. Көрсетілген уақытта ХҚКО келу. Қызмет берудің нәтижесі
- Сұранымда көрсетілген электрондық жәшікке қабылдауды белгілейтін уақыт белгіленсе, қойылған уақытта ХҚКО келу керек.

А.ЕРАЛИЕВ,

«ХҚКО» Қармакшы аудандық бөлімінің инспекторы.



МАЙК ТАЙСОН ТУРАЛЫ 7 ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК

Аты аңызға айналған боксшы Майк Тайсон туралы 7 қызықты дерекпен таныс болыңыздар.

1. Боксқа қалай келді?

Атақты боксшы кәсіби мансабын Мұхаммед Әлимен өткен кездесуден кейін бастайды. Майк Тайсон түрмеде жатқан кезінде балаларға дұрыс бағыт-бағдар беру үшін арнайы әйгілі спортшымен кездесу өтеді. Сол кездесуден алған әсерінен кейін Тайсон өзінің шаршы алаң үшін жаралған жан екенін сезінеді.

Оның рингте көрсеткен өнерлері өте керемет. 51 жекпе-жек өткізіп, соның 24-ін бірінші раундта нокаутпен аяқтады. Тіпті бір жекпе-жегінде алғашқы 91 секунд үшін 20 миллион АҚШ долларын алған. Ол кезде Майкл Спинксті нокаутқа түсірген еді.

2. Қарсыласын нокаутқа жіберу үшін 8 секунд жеткілікті болды.

Майктың ерекше есте қалған шайқастарының бірі - жасөспірімдер арасында өткен алғашқы Олимпиадасы. Ол 1982 жылы өткен болатын. Сол жұдырықтасуында Тайсонға қарсыласын нокаутқа жіберуі үшін небары 8 секунд ғана жеткілікті болды. Сонымен қатар ол 11 жасында 100 килограмм салмақты құрайтын зілтемірді көтеретін кара күшке ие болған. Ол қазіргі таңдағы ауыр атлетикамен айналысатын спортшыларға да үлкен көрсеткіш болып есептеледі.

3. Жас жеңімпаз.

Одан кейінгі жетістігі - Тайсонның кәсіби рингте ең жас чемпион атануы. Ол 20 жасында барлық бокс тарихында ең жас чемпион атанса, 21 жасқа толғанда күллі әлемді мойындатқан сөзсіз жеңімпаз болды. Ал, бала кезінде Майк өзін ренжітетін балаларға қарсылық та көрсете алмайтын болған.

4. Ең қысқа жекпе-жегі.

Кәсіби деңгейдегі жекпе-жектің бірінде Майк шаршы алаңда отыз-ақ секунд өнер көрсетті. Бұл кездесу 1986 жылы өтті. Онда Майк Тайсон танымал

Джо Фрейзердің ұлы Марвис Фрейзерді нокаутқа түсірді. Ол өзінің қарсыласына мүлдем мүмкіндік бермей, бір бұрышқа қысып, оң қолымен иек астынан жоғары қарай бағытталған (апперкот) соққы жұмсап, артынша тағы бірнеше жойқын соққылар жасап үлгерді. Мұндай шабуылға шыдамаған Фрейзер бірден нокаутқа құлады.

5. Ұстаз жолын жалғастырушы.

Түрмеде жатқан кезде Тойсон өзі пір тұтқан Мұхаммед Әли секілді ислам дінін қабылдайды. Оның исламдағы аты - Мәлік Абдул Азиз. Алайда спортшының бұл атын көбі біле бермейді. Өйткені оны бәрі Майк Тайсон деп таниды. Оған қарамастан ол 2010 жылы Меккеге қажылық өтеуге барып, сондағы мешіттің салынуына 250 мың доллар ақша аударды. Жалпы Майк өмірде өте ақкөңіл адам.

6. Оның тұмары - татуировкалары.

Тайсон өзінің ең сенімді тұмарым деп татуировкаларын айтады. Олар кәсіби боксшы да аз емес. Біріншісі - сол жақ білегінде орналасқан. Онда оның екінші әйелі бейнеленген. Ал оң жақ иығында американдық теннисші Артур Эш тұрса, сол жақ білегінде айдаһардың суреті салынған. Сонымен қатар спортшы жауырынына Мао Дзе Дуннің, ал төменгі қабырғасына Че Гевараның бейнесін салдыртқан.

7. Тайсонның үш әйелі.

Боксшы осы күнге дейін үш рет некесін қидырып үлгерді. Бірінші жары плейбол журналына жалаңаш суретке түсіп, Америкаға аты шыққан - Робин Гивенс. Ол 1995 жылы Empire Magazine жасаған рейтингте әлемнің ең тартымды 100 әйелінің бірі болған. Бірақ бұл жұптың махаббат хикаялары ұзаққа бармай, бір жылдан кейін ажырасты. Одан кейін Майк Моника Тернер деген бала дәрігерін таңдады. Спортшы онымен бес жыл бірге болды. Ал үшінші әйелі - Латиха Спайсер. Ол қазір онымен олар бақытты да, баянды ғұмыр кешіп жатыр, деп жазады massaget.kz.

АЛМАСТЫҢ АСАТЫН АСУЫ АЛДА

94 келі салмақта ел намысын қорғайтын қазақстандық ауыр атлет, жерлесіміз Алмас Өтешов 422 келі салмақты бағындырды.

Бұл туралы Алмас өзінің «Инстаграм» әлеуметтік желісіндегі парақшасында жарияланған. Спортшы жаттығуда 422 келі салмақты бағындырып, жеке рекордын жаңартты. Серпе көтеруде 187 келіні, жұлқа көтеруде 235 келіні еш қиналмастан еңсере алды.

Естеріңізге сала кетейік, Лондон Олимпиадасында Илья Ильин 418 келіні көтеріп, олимпиада алтынын мойынға таққан болатын.



АЖАЛ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ

«Австриялық боксшы кіші Дэвид Браун филиппиндік Карло Магалимен жекпе-жекте алған жарақатынан қаза тапты», - деп хабарлады Sky News Australia.

Австралияда IBF нұсқасы бойынша өңірлік титулдардың бірі үшін өткен екінші жартылай жеңіл салмақтағы аяқас 12 раундта нокаутпен, Магалидің жеңісімен аяқталған бола-

тын. Браун айкастан кейін ми жарақатымен ауыр жағдайда ауруханаға жеткізілген. Араға бірнеше күн салып боксшы көз жұмып отыр.

«28 жастағы Браун кәсіби рингте 22 рет жеңіп, екі рет жеңілген, бір айкасты тең аяқтаған еді», - деп хабарлайды vesti.kz.

БОСНИЯНЫ ТАЛҚАНДАДЫҚ

Футзалдан 2016 жылы өтетін Еуропа чемпионатының Босния және Герцеговина мен Қазақстан құрамалары арасындағы іріктеу ойынының алғашқы матчы біздің пайдамызға шешілді.

Зенице қаласында өткен кездесу 5:0 есебімен Какау шәкірттерінің пайдасына аяқталды. 5-ші минутта-ақ біздің жігіттер Дәурен Нұрғожиннің дәл соққысынан кейін есепте алға шықты. Арада 10 минут уақыт өткенде Серік Жаманқұлов есепті еселей түсті.

Ойынның екінші бөлігінде Босния қақпасына үш бірдей гол кірді. Дуглас Жуниор 25-ші және 32-ші минутта дубль авторы атанып үлгерді. Матчтың нүктесін 39-шы минутта Лео қойды.

Естеріңізге сала кетейік, қарымта ойын қыркүйектің 22-сі күні Алматыда өтеді. Бұл жұптың арасындағы жеңімпаз 2016 жылы жалауы желбірейтін Еуропа чемпионатының финалдық кезеңіне жолдама алады.

Меншік иесі – «Алаш жолы – XXI» ЖШС

Директор - бас редактор Нағымжан Сауяев Тілші - Рыскелді Жажман	Жекелеген авторлардың пікірі редакция көзқарасын білдірмейді, қолжазбалар қайтарылмайды. «Алаш жолы» газетінде жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті. Жарнама мәтіні мен мазмұнына редакция жауап бермейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеледі. «PRINT» баспасханасында (Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов, 49 үй) басылды. Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты. Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.		Басылым аптасына бір рет жарық көреді.
Газет 01.07.2014 жылы ҚР Байланыс және ақпарат агенттігінде тіркелген. Күәлік №14434-Г.	Редакцияның мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Жеңіс көшесі, 88, 3-қабат. Толық мәлімет алу үшін: 8 (7242) 23-12-98 телефонына хабарласуға болады.		Тапсырыс № Таралым 2000

■ e-mail: alash_zholy@mail.ru